



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ  
ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ПСИХОЛОГИЯ КАФЕДРАСЫ

---

Академик Т.Тәжібаевтың 106-жылдығына арналған жыл сайынғы «Тәжібаев оқулары» аясындағы «МӘҢГІЛІК ЕЛ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІ» атты халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияның  
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ  
международной научно-методической конференции  
«СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКИ В КАЗАХСТАНЕ  
В УСЛОВИЯХ «МӘҢГІЛІК ЕЛ», проводимой в рамках ежегодных Тажибаевских чтений и посвященной 106-летию академика Т.Тажибаева

MATERIALS  
of International Scientific and Methodical Conference  
"CURRENT STATE OF PSYCHOLOGICAL SCIENCE IN KAZAKHSTAN IN  
CONDITIONS OF "MANGILIK EL" Dedicated to 106th Anniversary of academician  
T.Tazhibaeв within a framework of the annual Tazhibaeвs' readings

Алматы  
23 ақпан, 2016 ж.

УДК 159.9(063)

ББК 88.1

М 36

Ұйымдастыру алқасы:

*Төраға:*

Мұтанов Ғ.М., техника ғылымдарының докторы, профессор, академик, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры

*Төраға орынбасарлары:*

Бүркітбаев М.М., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірінші проректоры, химия ғылымдарының докторы, профессор,

Рамазанов Т.С., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор

Ахмед-Заки Д.Ж., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу жұмысы жөніндегі проректоры, техника ғылымдарының докторы

Хикметов А.К., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры

Қумарғалиева С.Ш., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Әдістемелік бөлімінің басшысы

Масалимова А.Р., философия ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия және саясаттану факультетінің деканы

Қылымбетова Э.К., психология ғылымдарының кандидаты, доцент, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының меңгерушісі

*Ұйымдастыру алқасының мүшелері:*

Әлқожаева Н.С., педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, деканның оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

Мейрбаев Б.Б., философия ғылымдарының кандидаты, деканның ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық

байланыс жөніндегі орынбасары

Жарықбаев Қ.Б., пед.ғ.д., психол.ғ.д., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры

Туркпен-ұлы Ж. пед.ғ.к., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры

Сейітнұр Ж.С., психол.ғ.к., ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі кафедра меңгерушісінің орынбасары

Баймолдина Л.О., PhD докторы, доцент м.а., жалпы және этникалық психология кафедрасының аға оқытушысы, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі кафедра меңгерушісінің орынбасары

Жұбаназарова Н.С., психол.ғ.к., доцент, философия және саясаттану факультетінің әдістемелік бюросының төрайымы

Аймағанбетова О.Х., психол.ғ.д., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры

Алтаева Н.С., психол.ғ.д., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры

Бердібаева С.К., психол.ғ.д., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры

Дүйсенбеков Д.Д., психол.ғ.д., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры

Ким А.М., психол.ғ.д., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры

Тоқсанбаева Н.Қ., психол.ғ.д., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессоры

Ташимова Ф.С., психол.ғ.д., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының профессор м.а.

Жолдасова М.К., PhD докторы, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының доцент м.а.

Адилова Э.Т., жалпы және қолданбалы психология кафедрасының аға оқытушысы

**«МӘНГІЛІК ЕЛ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІ»:** Академик Т.Тәжібаевтың 106-жылдығына арналған жыл сайынғы «Тәжібаев оқулары» аясындағы атты халықар. ғыл.-әдіст.конф. материалдары = «СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ НАУКИ В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ «МӘНГІЛІК ЕЛ», проводимой в рамках ежегодных Тажибаевских чтений и посвященной 106-летию академика Т.Тажимаева: мат. междунар. науч.-метод. конф. -Алматы: ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ, 2016 - 370б.- қазақша, орысша

ISBN 978-601-7795-50-4

УДК 159.9(063)

ББК 88.1

ISBN 978-601-7795-50-4

© ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ, 2016



«Үлкендердің әсері балалардың дамуына тиімді ықпал тигізуі үшін, ол әсер сыртқы әсер болмай, дамуға жетектейтін ішкі күш болуы керек»

Академик Т.Т. Тәжібаев



көркемдік шығарманы өзара ұштастыру; (3) ғылыми ізденістердің қағидатты жана интеграциясына жол ашу шарт. Бұл ұстанымдардың бір-біріне қарсы болмауы, қайшы келмеуі, пәннің өзге білімдердің метафизикалық стандарттарынан босану әрі өзіндік табиғатын орнықтыру – бағдарлы да кешенді ізденістердің кепілдігі.

Ол дегеніміз «Мәңгілік Ел» пәнінің күретамырлық басымдықтарын:

жалпыға ортақ қазақстандық біртектілікті, құзырлы білгірлікті білім бағдарламасына ендіретін факторларды жүйелеу, жаңғыру қарқынын жалпыұлттық қағидатқа айналдыру;

болашағы Біртұтас Ұлтты нығайтудың формуласын дәйектеу, болашаққа деген жалпыхалықтық сенімді қалыптастыру, орнықтыру;

елдік құндылықтарды ортақ ұлы ұлттық қазынаға айналдыру мүмкіндіктерін оңтайландыру, тәсілдерін мазмұндау қажет.

Осындай ұлттық бастамалар мен этнопедагогикалық тәжірибені нығайтатын қоғамдық кенестің қызметін жандандыру, институттық негізін қалыптастыру – күн тәртібіндегі мәселе. Іргелі басымдықтан туындайтын талаптар:

- «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын білімнің, мәдениеттің және өркениеттік үрдістің жалпы даму аясында қайта қарастыру, толықтыру, мазмұндау;

- бірлік жолын қабылдайтын азаматтық ұстаным мен ұлттық дәйектілік жүйесін қалыптастыратын тәсілді ізденіс пен амалды әрекетті тиянақтау;

- қоғамдағы тұрақтылық, бейбітшілік пен келісім ұстанымына негізделген елдің даму моделін насихаттау, адамның әлеуетін арттыру;

- жалпыға ортақ еңбек идесын өмірге енгізу, ел азаматтары мен отандық мамандарға бірыңғай экономикалық, саяси және мәдени ортада келісімді өмір сүретін ретті жағдай жасау;

- жастарды әлеуметтендіру және патриоттық тәрбие беру тетіктерін реттеу, оларды ұтымды қолдану жұмыстарын жандандыру;

- елдік пен ерлік құндылықтарын жастардың өздеріне тартымды бағдар ретінде уағыздау, тарату;

- халықты әлеуметтік қорғау салаларын реформалауды, әлеуметтік көмек көрсету жүйесін үнемі оңтайландыру, қос фактордың тәрбиелік үлесін үдету;

- іргелі мақсатқа лайықты кадрларды дайындау деңгейін арттыру, басқарудың корпоративті моделін ендіру, олардың әлеуметтік бейімделу бағдарламаларына қатысты келісімшартты бекіту;

- қазіргі заттық, салалық ғылымдардың идеясымен – экономикалық, саяси-әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық білімдердің теориялық ұстанымдарымен шектелмеу.

Аталынған мәселелер күрделі, оларды зерделеу деңгейі әрқалай болса да, оларды талдап түсіндіруге деген сұраныстар іріктелуде. Ол дегеніміз білімнің әр саласындағы жалаң теориялық талдауға немесе метафизикалық әдістік тұйыққа ұрынбау, керісінше, гуманитарлық ғылымдардың өзіндік өлшемдері мен әдістемелі постулаттарын нығайту. «Мәңгілік Ел» пәні білімнің жаңа рационалды және синтетикалық түрлеріне сұранысты арттырады, білімдер жүйесінің тұжырымдамалы негізін және инфрақұрылымды дамытуға мүмкіндік тудырады. Мұнда танымдық, мәдени-саяси, ұйымдастыру және тәлім-тәрбиелік міндеттер тоғысады. Діттеген мақсатты біртіндеп, дұрыс шешу үшін көптеген алғышарттар мен талаптарды қатар сараптап, өзара сабақтастыру ғылыми-әдістемелі және педагогикалық ережеге айналмақ.

Жеке оңашада пәннің маңызын әркім өзінше қабылдайды, тіл байлығы деңгейінде түсінеді. Ал жаңа пәннің танымдық-тағлымдық маңызы бірлесіп талдап, пікірталаста талданса, онда ұғым терең, ой өрісі жан-жақты әрі толық болмақ. Пән әлеуметтік, рухани-діни, идеологиялық сұраныстарды қабақтастыра өтеуге бейім. Жаңа пәннің ұғымдық қоры мен тұжырымдау ережесін жаңарту күрделі жай, пәнаралық шекарада орындайтын міндет.

Жаңа пәннің маңызына институционалды көзқарас пен қауымдастық кәсіби қолдауды қатар жүргізу - тың да қарқынды бастама. Пәнаралық байланыс пен мәдениаралық сұхбаттастық «Мәңгілік Ел» пәнінің танымдық қуатын, елдік тәрбиенің ұлттық тәжірибесін, гуманитарлық ықпалдастық шеңберін арттыра түспек. Мұндай бастаманы ел болу өнеріне мәдениаралық талдау жасалынса және ұстаз-ғалымдардың халықаралық тәжірибесін жетілдірсе, пайдалы істердің өркендейтіні күмәнсіз.

Бірлескен талдауға алдымен этнопедагогикалық тәсіл мен ұлттық тәжірибенің атқарар қызметі өте зор. Ал технологиялық құрал-жабдықтар арқылы пәннің бейнелілігі мен икемділігін арттыра түссек, бұл да білім берудің тиімділігін қалыптастыруға, тындарманға жылдам жеткізуге мүмкіндікті арттырады. Десекте, техникалық құрал-жабдықтар педагогикалық тәлім-тәрбиелік іс-әрекеттерге қосымша демеушілік ететінін ұмытпауымыз керек. Айтпағымыз, бұл пәнді оқытуда: (1) ұстаздың педагогикалық тәсілін жетілдіру, (2) еркін сұхбаттасып, өзекті мәселені бірлесе ашық талқылайтын дәстүрді жүйелеу, (3) институционалды көзқарас пен қолдауды бірге жүргізсе, сонда ғана білім берудің дүниетанымдық және ағартушылық деңгейі көтерілмек. Үш арнаның қозғаушы күштерін іздестіру, олардың жаңа әлеуетін нақты іс-әрекетке тартатын шаралар жүзеге аспақ.

Тиімділіктің түрлерін ұлттық бір арнаға, қоғамдық ортақ жүйеге келтіру мақсаты - білім мен тәрбиені бір ағымда басқаруға; әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың мәртебесін көтеруге, әлеуметтік-гуманитарлық оқу жүйесінің ұзақ мерзімді стратегиялық бағдарын жасауға; ғылымды жаңа қоғамдық және ұлттық мәселелерге бірдей бейімдеуге; ғалымдар арасындағы шығармашылық және педагогикалық байланыстарды нығайтуға; мәдениаралық талдау мен халықаралық байланысты кеңейтуге мүмкіндік пен күштерді шоғырландыруға мемлекеттік деңгейде назар аудартқызыбақ.

Гуманитарлық ықпалдастық тарихты, дәстүрді, мәдениетті үйлестірімек пәрменді қимыл-әрекеттерден құралады. Этнопедагогикалық дәстүр мен этнопсихологиялық ұстаным оқушының, тындарманың өзін-өзі ұстай білу және басқару қабілеттерін жетілдіруге, білім беру жүйесін гуманитарлық мазмұнмен толықтыруға, ел басқарудың тәсілді тәжірибесін жинақтауға жол ашпақ. Тартымды талаптар мен тиімді тетіктер әркімнің өз ортасында әлеуметтік-мәдени байланыстарды кеңейтетін және әрбір жұмыс орнында жұмсаған күш-қуатын кәсіптік тәжірибе түріне айналдыратын жарамды құрал-жабдықтарды саралап, сабақтастырады. Әрбір бастама ауқымды болған кезде «Мәңгілік Елдің» бірін-бірі толықтыратын идеялық, теориялық, әдістемелі, мұралық негіздері білімнің, мәдениеттің, ұлттық тәрбиенің ықпалын жер-жерде арттыруға жарады.

Мәңгі елдің тарихи және әлеуметтік-мәдени кеңістіктегі жағымды да жаңашыл сипатын, адамзаттық арқаулары мен ұлттық демеушілігін неден аңғарамыз? 1) Жалпыұлттық негізден, ұлттық мұраттың басты бағдары және өлшемінен; 2) ел мұраты мен болашағына лайықты реформалардан; 3) егеменді елдің іргетасын әлемдегі күшті мемлекеттермен иық тірестіретін қарқындардан байқаймыз. Болашаққа деген сенімді нығайтатын талпыныстар Мәңгілік Ел идеясы ілгері ұластыруда, «Мәңгілік Ел» пәнінің өміршеңдігін дәйекті айқындауда.

*Ж.С. Сейітмұр*

## **Т. ТӘЖІБАЕВ ПЕН С.М. ЖАҚЫПОВТЫҢ ЕЛІМІЗДЕГІ ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ИНСТУЦИОНАЛДАНУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСТЕРІ**

Ғылым тарихын зерттеу көрсеткендей белгілі бір елде ғылымның қалыптасуы мен дамуының қажетті және айқындаушы шарты оның институционалдануы боп табылады. Ғылыми білімдер жүйесінің белгілі бір әлеуметтік институтқа айналуына оған қоғамдық

қажеттілік пен оны қанағаттандыратын жағдайдың болуы, ұйымдық ресімделген ғылыми мекеменің дүниеге келу маңызды.

1946 жылы Бүкілодақтық коммунистік партия Орталық комитетінің (БКП (б) ОК-нің) «Логика мен психологияны орта мектепте оқыту туралы» қаулысына орай Кеңес Одағының барлық мектептерінде психология пән ретінде оқытылуы тиіс болды. Сондықтан логика және психология оқытушыларын даярлау мақсатында 1947-1948 оқу жылында Одақтағы басқа да 16 мемлекеттік университеттердің бірі болып, Қазақтың С.М.Киров атындағы университетінің филология факультетінің жанынан логика және психология бөлімі ашылды. Осының басы қасында 1947 жылы университет ректоры әрі психология және педагогика кафедрасының меңгерушісі, ҚазССР ҒА академигі, психология ғылымдарының докторы Төлеген Тәжібаев жүрді. Төлеген Тәжібаевтің үлкен ұйымдастырушылық жұмысының арқасында дүниеге келген психология мен логика бөлімі бірнеше жыл қызмет етіп республика үшін жүзден астам психолог мамандарын даярлап шығарды. Сөйтіп, республикада ұлттық психологтардың шоғыры пайда болды. Қазақстандағы психологиялық және педагогикалық ғылымдардың жандануына ХХ ғ. 40-жылдардың аяғында жүргізілген ғылыми-ұйымдастыру шаралары игі әсерін тигізді. Мәселен, 1948 жылы КСРО жоғары білім министрлігі жанындағы Бүкілодақтық аттестациялау комиссиясы республикада педагогика және психология ғылымдары бойынша диссертация қабылдауға рұқсат берді. Соған сәйкес 1949 жылы Қазақ мемлекеттік университетінде психология ғылымы бойынша аспирантура ашылып, ғылыми мамандар дайындауға нақты мүмкіндік туған еді.

ХХ ғасырдың 60-жылдары бұрынғы Кеңес Одағында психология ғылымының қайта жандануы мен дамуы байқала бастады. Бұл жылдары Москва мен Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) университеттерінде психология факультеттері ашылды. Осы уақыттан кейін одақтас республика астаналарында (Киев, Вильнюс, Ташкент, Тбилиси т.б.) психология бөлімдері мен жеке факультеттер дүниеге келді. Көрші Өзбекстан тіпті өзбек тілінде психологтар даярлай бастады. Ал Қазақстанда 1953 жылы жабылған психология бөлімі тек 1988 жылы ғана қайта ашылды. Мұның бәрі елімізде психология ғылымының дамуына айтарлықтай тежеу болды. Сонымен, 1988 жылы ҚазМУ-дің Философия-экономика факультетінде психология мамандығы тек орыс бөлімі, тек 1991 жылы қазақ бөлімі ашылды.

Еліміздің психология ғылымының күрт дамуы Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейін байқалады. Психологиядан тұңғыш рет қазақтардың ана тілінде психолог мамандық даярлауына мүмкіндік ашылды. Жоғары білікті психолог кадрларды даярлау үшін психологиядан диссертациялық кеңестер құрыла бастады. Бұл психологиядан ұлттық кадрларды әзірлеуге мүмкіндік берді. Мәселен, Қазақстанда тәуелсіздік алғанға дейінгі кеңестік психологиялық ғылымы құрамында дамуы кезеңінде (1939-1991) педагогикалық психология саласы бойынша 21 адам ғана кандидаттық және екі адам докторлық диссертация қорғаған екен. Ал тәуелсіздік алған он бес жыл ішінде (1991-2006) ішінде бұл сала бойынша 57 диссертациялық жұмыстар қорғалды. Бұл жерде басты фактор ретінде интерналдық, ғылымның ішкі даму заңдылығы емес, қолайлы саяси-тарихи жағдайды, яғни ғылым дамуындағы әлеуметтік детерминацияны мойындауымыз керек.

Егер тарихи салыстыру жүргізіп, Қазақстандағы педагогикалық психологияның Кеңес Одағы құрамында болған кезіндегі жоғары білікті психолог кадрларды даярлау көрсеткішіне көз салатын болсақ, келесі деректерді кездестіреміз (1-кестені қараңыз).

1 кесте - Педагогикалық психология саласы бойынша диссертациялық жұмыстар саны (Қазақ ССР)

Уақыт кезеңдері	Диссертациялар саны		
	докторлық	кандидаттық	барлығы



1936-1946		1	
1947-1957		5	
1958-1968		4	
1969-1979		5	
1980-1990	2	7	
барлығы	2	22	24

Ал тек бір ғана С.М. Жақыпovтың жетекшілігімен педагогикалық психология саласындаға қорғалған жұмыстардың санын алып қарастырсақ келесі фактілерді көреміз. (2- кестені қараңыз).

2 кесте - Педагогикалық психология саласы бойынша С.М. Жақыпovтың жетекшілігімен қорғалған диссертациялық жұмыстар саны

Уақыт кезеңдері	Диссертациялар саны		
	докторлық	кандидаттық	барлығы
1999-2001		7	
2002-2004		8	
2005-2006		12	
2008-2009	2	1	
Барлығы	2	28	30

Демек, бір С.М. Жақыпovтың өзі күллі кеңес заманындағы психолог кадрларды дайындау бойынша көрсеткіштен асып кетіп отыр (отыз адам).

Егер қорғалған жұмыстарды ғылыми қызметкерлер мамандықтарының номенклатурасы шифры тұрғысынан қарастыратын болсақ, жалпы психология, тұлға психологиясы, психология тарихы және этнопсихология мамандықтары бойынша - 5 ғылым докторы, 18 ғылым кандидаты, әлеуметтік психология - екі адам ғылым докторы, педагогикалық психология бойынша екі ғылым докторы, 28 ғылым кандидаты даярланыпты. Бұл деректер профессор С.М. Жақыпovтың еліміздегі жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогтік кадрларды даярлауға үлкен үлес қосқанын көрсетеді.

Еліміздің психология ғылымының институционалдық дамуындағы маңызды бір оқиға 2000-жылы орын алды. Сол жылдың 22 ақпанында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің Ғылыми Кеңесі бұрынғы психология кафедрасын екі дербес кафедраға – «этникалық және педагогикалық психология» кафедрасы мен «жалпы психология» кафедрасына бөлу жөнінде қаулы қабылдайды. Сөйтіп университетте психология бойынша екі кафедра жұмыс істей бастады. 2000 жылдың 14 сәуір айында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің ректоры К. Нәрібаевтың №3-512 Бұйрығына сәйкес құрылған этникалық және педагогикалық психология кафедрасының меңгерушісі болып психология ғылымдарының докторы, профессор С.М. Жақыпov тағайындалады. Кафедраның ашылу кезінде оның құрамында 12 оқытушы жұмыс істеген еді. Қысқа мерзім ішінде аталмыш кафедраның сандық әрі сапалық тұрғыда биік деңгейге шығуы персоналдық-тұлғалық факторларға байланысты екендігіне көз жеткізуге болады. Кафедраның меңгерушісі ретінде профессор С.М. Жақыпovтың ұйымдастырушылық қабілеті мен ғылыми беделі этнопсихология және педагогикалық психология кафедрасын философия және саясаттану факультетінде жетекші орынға шығарды.

Еліміздің психология сарапшыларының пікірінше, бұған дейін Қазақстандық психология ғылымы көп жылдар бойы лайықты көшбасшы болмауынан зардап шеккен екен. Енді, міне, С.М. Жақыпovтың арқасында Қазақстан жоғары білікті психолог



мамандарды даярлау мүмкіндігіне ие болды. Ғылыми-педагогикалық мамандарды даярлау магистратура, аспирантура, докторантура, тағылымнама (стажировка) және PhD докторантурасы формасында жүзеге асырылады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің этникалық және педагогикалық психология кафедрасы бүкіл Қазақстан бойынша психология саласында қорғалатын докторлық және кандидаттық диссертацияларды талқылауды жүзеге асыратын және ғылыми дәрежесі бар кадрлар дайындайтын маңызды ғылыми орталыққа айналды. Болашақта еліміздегі психология кафедраларында ғылыми зерттеулер ісі қалай жолға қойылғаны және ғылыми-педагогикалық кадрлар қалай даярланғаны жайлы арнайы зерттеулер жүргізілуі қажет.

*Ж.Н. Сабирова  
А. Оңайбай*

### ПРОФЕССОР Қ.Б. СЕЙТАЛИЕВТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МҰРАСЫ

«Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаншп та, гүлденген келешекке сенім де Мәңгілік Ел деген құдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүю – бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні – осы!» деген болатын елбасымыз Н.Ә.Назарбаев[1].

Ұлтының бағын ашатын, атын айтса жұрты асып-тасатын нағыз ұлы тұлғалар қай елде де бар. Тек оны танып, біліп, қадіріне жетуің керек. Ондай айтулы алыптар арғы-бергі тарих бетіне үңілсең көп емес, санаулы. «Өз жұртына жұмыс кылып, еңбек сіңірген адамдарды қадірлеу-елдіктің белгісі», - деп, Х.Досмұхамедов [2] айтқандай өзінің саналы ғұмырын Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде ұстаздық қызметке арнаған, бірнеше оқулық, оқу-әдістемелік құралдардың авторы көрнекті ғалым, парасатты ұстаз, Қазақстан Республикасы әлеуметтік ғылымдар академиясының және Халықаралық педагогикалық білім беру Академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қадыржан Бряңұлы Сейталиев болатын.

Профессор Қ.Б.Сейталиев ғұмыр кешкен кезеңде психология ғылымының құрылымдық жүйесі қалыптасып, жаңа болжамдар мен тұжырымдамалар пайда болып, ұлттық психологияның тарихи даму жолы айқындала бастаған кез еді. Ұстаз, ғалым өзінің психологиялық ой-түйіндерін жазуда Қазақ ағартушылары мен орыс психологтарының мол мұраларын басшылыққа алып, өзіндік тәжірибесімен түйіндейді.

Оның өзі атап өткеніндей, қазіргі кезде университеттер мен педагогикалық институттардың болашақ мұғалім кадрларын психологиялық тұрғыдан даярлауда қазақ тілінде психология оқулықтары мен оқу құралдарының жеткіліксіз болуынан жазылған еңбек. Бұл ұсынылып отырған «Жалпы психология» атты оқу құралы – психология ғылымының теориялық негіздерін ашып көрсету жөніндегі автордың ұзақ жылдар бойы педагогикалық институттармен университеттерде «Жалпы психология» пәнінен оқыған дәрістерімен семинар сабақтарында қарастырылған сұрақтар мен тапсырмаларды жинақтау негізінде жазылған еңбек. Қ.Сейталиевтің «Жалпы психология» еңбегінде «Қазақстан Республикасы білім беру жүйесін дамытудың 2004-2015 жылдарға арналған тұжырымдамасын» [3] басшылыққа алып, сол кезеңдегі білім беру жүйесіндегі орын алған олқылықтар мен кемшіліктердің алдын алу, білім мазмұнын уақыт талабына сай жетілдіру, білім беру жүйесі мамандарын даярлауда отандық және әлемдік тәжірибелерді пайдалану арқылы білім сапасын арттыру басты мәселелер екендігі сөз болған. Осы тұжырымдамада жас ұрпақты оқытып-тәрбиелеуде ұлттық басымдылыққа, яғни қазақ халқының өзіндік рухани дүниесіне баса назар аударуға көңіл бөлінді. Елбасының қабылдаған «Мәдени мұра» бағдарламасында: «Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бергі

ұлттық мұраны қайта жаңғырту міндетінің ішінде – ұлттық жаятану ғылымының негізін жаңаша тұрғыдан зерделеу» - деген тұжырымдамасы осы айтылғанның айғағы.

Профессор Қ.Б.Жарықбаев Қадыржан Сейталиевтің педагогика ғылымы саласында жазған еңбектерімен қатар «Жалпы психология» оқулығы туралы: «Психологиядан оқулық жазған сен бір ерекше адам екенсің» деп, өзіндік таңданысын білдіре отырып, «Жұрт психологиядан кітап жазады, бірақ оның кітабы қазақша жазылғанымен, оялары орысша көрініс табады. Ал, Қадыржан жазбаша ойлап, жазбаша жазады екен. Біздер үшін нағыз керегі осы еді» - деген болатын[4].

Профессор Қ.Сейталиевтің «Жалпы психология» еңбегі бес бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім «Психологияның жалпы мәселелері», екінші бөлім «Жеке тұлға және іс-әрекет», үшінші бөлім «Жеке тұлғаның таным үрдістері», төртінші бөлім «Жеке тұлғаның эмоциялық-еріктік сипаты», бесінші бөлім «Жеке тұлғаның дара психологиялық ерекшеліктері» деп қарастырылуы, бұл еңбектің психологиялық тұрғыдан құндылығын көрсетеді.

Автор психология ғылымының ең негізгі міндеттерінің бірі – «Барлық психикалық құбылыстарды зерттеу және түсіндіру, демек, олардың пайда болуы, қалыптасуы және даму негізіне жататын объективтік заңдылықтарды ашып көрсету» керектігін тұжырымдайды. Әрбір шәкірттің психикалық үрдістері мен дара психикалық қасиет ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту мен тәрбие үрдістерін дұрыс ұйымдастыруға болады.

«Психология ғылым ретінде нені зерттейді және оның зерттеу пәніне не жатады?» - деп сауал қоя отырып, өзі былайша тұжырымдайды: «Психология ғылымының тарихын, оның дамуының әрбір кезеңіне үлкен мән беруіміз қажет. Бір жағынан бұл ғылым өте ертеде қалыптасқан, сонымен қатар тіпті жас ғылым ретінде қарастыруға болады. Мындаған жыл тарихы бола тұрып, оның болашағы алда», – дейді.

Автор психология ғылымының өзге ғылымдармен сабақтастығын – өмірдің әртүрлі саласында кеңінен қолданылып келе жатқан практикалық маңызын атап көрсетіп, адамды дұрыс тәрбиелеу үшін адамның денесі, яғни тәнінің жайын кеңес қылатын жаратылыстану ғылымымен және саналы іс-әрекетін қалыптастыруда әлеуметтік және философиялық ғылымдардың мақсатын, тарихын тұжырымдайды. Педагогика ғылымы үшін психологияның жүйесі, жеке тұлғаның даму заңдылықтарын, баланың жас және дара ерекшеліктерін біле отырып, оқыту мен тәрбиелеу нәтижесінде қажетті сапаларды дамыту және өзін-өзі тәрбиелеуге өте қажет тиімді әдістерін қолдануға практикалық жол көрсетеді.

Қ.Сейталиев «Жалпы психология» еңбегінде «Жалпы психология ересек адамның психикалық іс-әрекетінің жалпы заңдылықтарын зерттейді. Жалпы психология психологияның міндеттерін, әдіснама мәселелері мен әдістерін, психикалық құбылыстардың қалыптасуы мен практикалық іс-әрекетін зерттейді. Жалпы психология курсына жалпы теориялық қағидалар және негізгі әдістер туралы ғылыми түсінік беріледі, психологияның негізгі ғылыми ұғымдары, заңдылықтары туралы сипатталады»- деп анықтама береді.

Психологияның жалпы мәселелерін қарастырғанда Сейталиев психология ғылымының қалыптасуы мен даму бағыттарын үшке бөле отырып, қазіргі шет ел психологиясының негізгі бағыттары, Кеңестік психология ғылымының қалыптасуы мен дамуы және Қазақстанда психология ғылымының қалыптасуы мен дамуы деп жүйелейді.

Көптеген ежелгі ойшылдардың көзқарастарына ортақ болған «психология» сөзінің орнына «жан» ұғымын қолданады және ерекше мәнді құбылыс ретінде қарастырады. «Жанды» түсіндіруде ежелгі дәуір ойшылдары грек философтары Демокриттің, Платонның, Аристотельдің, Сократтың және басқалардың ғылыми трактаттарына тоқталады.

XVIII-XIX ғ. психологиядағы негізгі перспективалық бағыт ретінде эмпирикалық немесе тәжірибелік психологиямен ассоциативтік ілімнің дамуына үлес қосқан ғалымдардың еңбектерін қарастыра отырып, өзіндік ойын тұжырымдайды. XIX ғасырда

## МАЗМҰНЫ

<b>Жарыкбаев К.Б. Ж. Аймауытов и его в становлении Т.Т. Тажибаева как ученого психолога (1926-1929) .....</b>	4
<b>Перленбетов М.А., Лактионова С.Н., Абдихадирова Н.А., Кунанбаева М.Н. «Мәңгілік ел» бағдарлама аясында оқытуды үш тілде жүргізудің тәжірибесі .....</b>	5
<b>Молдабеков Ж.Ж. Мәңгілік Ел: басалқы бастаулары, идеялық ұстанымдары, пәнаралық бағдары .....</b>	9
<b>Сейітнұр Ж.С. Т. Тәжібаев пен С.М. Жақыповтың еліміздегі психология ғылымының институционалдануына қосқан үлестері .....</b>	13
<b>Сабирова Ж.Н., Онайбай А. Профессор Қ.Б.Сейталиевтің психологиялық мұрасы .....</b>	16
<b>Өскенбай Ф.С., Қалымбетова Э.К., Төлегенова А.А., Адилова Э.Т., Косшыгулова А.С. Интернет-тәуелділіктің зерттелу тарихы .....</b>	19
<b>Vizhanova A.A. Psychological views of Mashkhar Zhusup Kopeyev .....</b>	23
<b>Ибраева М.Қ. Ерте жастағы балаларда танымдық қызығушылығын дамытуда халық ертегісінің рөлі .....</b>	25
<b>Сейітнұр Ж.С., Лиясова А.А. С.М. Жақыповтың психология ғылымының әр түрлі салаларына қосқан үлесі .....</b>	29
<b>Сейдрахманова Р.И. Қазіргі білім мен тәрбие берудегі этнопсихология ғылымының негізгі мәселелері .....</b>	33
<b>Адилова Э.Т., Болтаева А.М., Надырбекова Э.А., Бегимжанова Г.А. Этностық сәйкестіліктің (бірдейлік) психологиялық ерекшеліктері .....</b>	35
<b>Niyazova A.E., Kamzanova A.T. The Psychology of Wellbeing of the Higher Education System in Kazakhstan .....</b>	39
<b>Бердибаева С.К., Гарбер А.И., Садыкова Н.М., Болтаев А.Д., Абдигалиева С.Д., Сыздыкова А.Е. Факторы, влияющие на психическое здоровье студентов</b>	43
<b>Ағыбай Қ.Е. Отбасы тәрбиесінің педагогикалық-психологиялық негіздері .....</b>	47
<b>Әбдіғалбарова Ұ.М., Байкулова А.М. Жасөспірімдік кезеңдегі лидерліктің көріну ерекшеліктері .....</b>	50
<b>Байкулова А.М. Жасөспірімдік кезеңде лидерлік қасиетті өзін-өзі басқару негізінде дамыту .....</b>	53
<b>Камзанова А.Т., Садыкова А.Т. Особенности сотрудничества высшего профессионального образования с работодателями при подготовке специалистов-психологов .....</b>	57
<b>Касымова Г.М. О стратегии компетентного подхода в подготовке психологов .....</b>	60
<b>Приленский Б.Ю., Приленская А.В. Психическое здоровье студентов .....</b>	64
<b>Приленский Б.Ю., Приленская А.В., Файзуллина А.К. Психология в системе высшего медицинского образования .....</b>	69
<b>Абетаева Е.А. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қызығушылығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары .....</b>	71
<b>Парманов А.У. Влияние художественной литературы на мотивационную сферу читающих .....</b>	75
<b>Сангилбаев О.С., Хажимхаан А. Үлгерімі төмен оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге баулу .....</b>	77
<b>Сангилбаев О.С., Құсаинова Н.М., Сангилбаева А. Маманды дамытуда акмеологиялық ғылыми-әдіснамалық бағыттар .....</b>	79
<b>Есендикова Н.А., Ахтаева Н.С. Родительство как психологический феномен</b>	83
<b>Аязбекова Р.А., Ким А.М. Профессиональная подготовка военных психологов в формате компетентного подхода .....</b>	86
<b>Ким А.М., Айдосова Ж.К. Концепция самопонимания в психологии .....</b>	89



Искакова М.С., Жолдасбеков А.А., Диагностика эмоциональных феноменов в семье .....	91
Колесникова О.А., Барикова А.Р., Сабирова Р.Ш., Капбасова Г.Б. Исследование уровня виктимности и образа преступника у женщин .....	95
Имашева А.Б., Ким А.М. Психологические различия принятия финансовых решений .....	99
Ташимова Ф.С., Ризулла А.Р., Мадьярова З.И. Влияние инновационных технологий на стиль совладающего поведения магистрантов .....	102
Баймолдина Л.О., Дүйсенбеков Д.Д., Қалымбетова Э.К., Жолдасова М.К. Репатриант-студенттердің оқу процесіне бейімделуінің педагогикалық-психологиялық негізі .....	106
Әмірова Б.Ә. Жоғары оқу орындарында студенттердің кәсіби—бағдарлы іс-эрекетке психологиялық дайындық мәселесі .....	109
Садықова Н.М., Жұбаназарова Н.С., Болтаева А.М. Жоғары оқу орындарында студенттерді оқытудағы психологиялық ерекшеліктері .....	113
Акажанова А.Т. Тергеу қызметінің психологиялық ерекшеліктері .....	116
Кудушева Н.А., Дүйсенбаева А.О. Жеткіншектердің ауытқы мінез-құлық мәселесінің психологиялық сипаты .....	120
Ташимова Ф.С., Ризулла А.Р., Борбасова Г.Н. Технологии психологической защиты в теории Хорни К. ....	123
Мардаиова Ш.С., Байдрахманова А.К. Проблемы семьи на ранней стадии развития .....	127
Жолдасова М.К., Қалымбетова Э.К., Баймолдина Л.О. Оқушылардың креативті ойлауының психологиялық ерекшеліктері .....	131
Бағыбаева М.И., Құлымбаева А.К., Оразғалиева Ә.А. Отбасындағы ажырасу жағдайының жасөспірімнің тұлғалық сферасына тигізер әсері .....	135
Уакасова М.Б., Құлымбаева А.К., Жұмабекова Ү. Жасөспірімдердегі көрініс алатын шизофренияның теориялық аспектілері .....	138
Қалымбетова Э.К., Дүйсенбеков Д.Д., Баймолдина Л.О., Жолдасова М.К., Оспанова А.Ш. Басқару жүйесінің теориялық-психологиялық негізі .....	142
Қалымбетова Э.К., Дүйсенбеков Д.Д., Баймолдина Л.О., Жолдасова М.К., Арыстан Қ.С. Жетім балалардың әлеуметтік ортаға бейімделуінің психологиялық ерекшеліктері .....	146
Аймағанбетова О.Х., Гаврилкова К.В., Сатыбалдина Н.К. Социально-психологическое исследование основных структурных компонентов религиозной идентичности .....	152
Жубаназарова Н.С., Садықова Н.М., Әукен Ж.Т., Момбек Т.Қ. Қабілет-кіші мектеп жасындағы балалардың шығармашылық жеке адам ретінде дамудың негізі ретінде .....	156
Турсунгожинова Г.С. Социально-психологические особенности дезадаптивного поведения подростков .....	159
Абишева Ш.Ш., Кошкимбаева Р.Х. Креативтілік пен шығармашылық мәселесі психологиялық зерттеулерде .....	163
Magzhanova N.K. Development of professional thinking of students of psychologists .....	166
Мұратбекова А.Р. Баланың мектепте оқуға бейімделуіне ата-ана ықпалының психологиялық маңыздылығы .....	170
Әлімбаева Ә.С., Турдалиева Ш.Т., Қошқарбаева Г.Т. Тольк күнді мектеп жағдайында шығармашыл тұлға қалыптастырудың психологиялық маңыздылығы .....	172
Сарбасова В.Н., Максим Г.Б. Особенности творческого воображения у подростков .....	175